AUBP - шаңды жинауға арналған контейнер орнатылмаған белгісі.

Err0 – құрылғыны зарядтағыш жабдыққа орнатқан кезде, құрылғының корпусындағы ON-OFF қуатты ауыстырып қосатын тетігі OFF күйінде орнатылған, құрылғыны іске қосу үшін қуатты ауыстырып қосатын тетігін басу қажет.

2. **①** Құрылғыны іске қосу сенсорлық батырмасы.

- Құрылғыны іске қосу үшін, осы сенсорлық батырмасына бір мәрте қысқа мерзімде басу қажет, сол кезде құрылғының құбылған дыбысы естіледі және сенсорлық батырмаларының индикациясы жанады.

- Құрылғыны сөндіру үшін бұл сенсорлық батырмасына басып, оны шамалы 3 секунд уақыт аралығында ұстап тұрыңыз.

- Тазалау жұмыс тәртібі бойынша тазалау режимнің реттеу параметрлерін растау сенсорлық батырмасы.

- Тазалау үдерісін бастау және тоқтату сенсорлық батырмасы - белсенді режимі кезінде тазалау үдерісін бастау немесе тоқтату үшін бұл сенсорлық батырмасына бір мәрте қысқа мерзімде басу қажет.

3. **HOME▲** Бұл сенсорлық батырмасын, робот шаңсорғышты зарядтағыш базасына қайтару үшін/таймерде уақытты ұлғайту, яғни тазалау үдерісін ұзарту үшін пайдаланыңыз.

- Таймерде уақытты ұлғайту үшін, яғни тазалау үдерісінің ұзақтығын ұлғайту үшін уақытты реттеу режимін қолдана отырып, бұл сенсорлық батырмасына басу арқылы таймерде орнатылған уақытты өзгертіңіз.

- Бұл сенсорлық батырмасын, робот шаңсорғышты зарядтағыш базасына қайтару үшін және зарядтау үдерісін бастау үшін белсенді режимі кезінде басыңыз.

4. **ZIG-ZAG▼** Бұл сенсорлық батырмасын «Ирек бойымен жүргізіп» тазалау режимін қолдану үшін/ таймерде уақытты қысқарту үшін, яғни тазалау үдерісін қысқарту үшін пайдаланыңыз.

- Таймерде уақытты қысқарту үшін, яғни тазалау үдерісінің ұзақтығын қысқарту үшін уақытты реттеу режимін қолдана отырып, бұл сенсорлық батырмасына басу арқылы таймерде орнатылған уақытты өзгертіңіз.


- Бұл сенсорлық батырмасын «Ирек бойымен жүргізіп» тазалау режимін қолдану үшін белсенді режимі кезінде басыңыз.

5. **PLAN** Тазалау жұмыс тәртібін растау сенсорлық батырмасы.


- Бұл сенсорлық батырмасын тазалау жұмыс тәртібін енгізу немесе болдыртпау үшін басыңыз.


6. **EDGE CLEAN** Бұл сенсорлық батырмасы «Қабырға бойында жүргізіп» тазалау режимін қолдану үшін пайдаланылады.

- Бұл сенсорлық батырмасын «Қабырға бойында жүргізіп» тазалау режимін іске қосу үшін басыңыз.

7.  Қоқыс жинауға арналған контейнерді шығарып алу үшін құрылғының қақпағын ашуға арналған батырмасы.

Виртуалдық қабырға



1. ON/OFF қуатты қосу/ажырату батырмасы.
2. Инфрақызыл сигнал таратқыштары.
3. Қосу индикаторы мен инфрақызыл сәулесінің таралу бағытын «  » көрсететін таңбаламасы.
4. Сигнал беру терезесі.
5. Құрылғының корпусы.
6. Төменгі бөлігі.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

1. Робот-шаңсорғыш -1 дана.
2. Қоқыс жинауға арналған контейнер (орналастырылған) - 1 дана.
3. Суға арналған резервуар (ылғалды тазалау жүргізуге арналған контейнер) - 1 дана.
4. АКБ - 1 дана.
5. Зарядтау құрылғысы (базасы+адаптер) -1 дана .
6. Виртуалдық қабырға - 1 дана.
7. Құрылғының сол және оң жағында орналасқан бүйірлік қылшақтары -2 дана.
8. Сүзгі мен HEPA сүзгісі - 2 дана.
9. Қашықтықтан басқару пульті - 1 дана.
10. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық -1 дана.
11. Қызмет көрсету орталықтарының тізімі-1 дана.
12. Кепілдік талон - 1 дана.
13. Құралдың орамасы (полиэтилен пакеті + қорабы) – 1 дана.

ҚҰРАЛДЫ ОРАМА ҚОРАБЫНАН ШЫҒАРЫП АЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН ДАЙЫНДАУ

- Орама қорабын ашыңыз, құралды абайлықпен шығарыңыз, оның орайтын барлық материалдарды ішінен және сыртынан алып тастаңыз.
 - Құралдың сыртқы корпусынан барлық жарнамаға қатысты жапсырмаларды алыңыз.
 - Құралдың жеткізу жиынтығына кіретін барлық бөлшектерін тексеріңіз («Құралдың жиынтықтылығы» бөлімін қараңыз).
 - Барлық аксессуарларды және зарядтау құрылғыны шығарып алыңыз.
 - Құралмен жеткізілетін барлық бұйымдардың зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
 - Бүйір жақ қылшақтарды орнатыңыз. Ол үшін шаңсорғышты төменгі тақтасымен жоғары қарай орнатыңыз. Әрбір қылшақты өз білігіне кигізіңіз де, сыртыл дыбыс естілмейінше басып, бекітіңіз (суретке сәйкес L жазуы бар қылшақты сол жақ білікке, R жазуы бар қылшақты оң жақ білікке кигізіңіз). («ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ» бөлімін қараңыз.).
 - Тазалайтын еденінің түріне оның жабынына сәйкес құрылғының бұрылмалы қылшағы жоқ блогін немесе Бұрылмалы қылшағы бар блогін орнатып, пайдаланыңыз
 - Құралды алғашқы рет пайдаланбас бұрын аккумуляторды зарядтау қажет. «АКБ-ны ЗАРЯДТАУ» бөлімін қараңыз. («ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ» бөлімін қараңыз).
 - **Кілем тазалау үшін және де, шаш (жүн), сонымен қатар - тазалауды ылғал күйде орындау барысында (құрғақ тазалаудан бөлек, яғни құрғақ тазалау орындалғаннан кейін орындалады) құрылғының оң және сол жағында орналасқан бүйірлік қылшақтарын орнатпауға жол беріледі, бұл жағдайда бұрылмалы қылшағы жоқ шаң тартқыш блогін қолданған жөн («ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ» бөлімін қараңыз).**
- Назар аударыңыз: Құрылғыны оның шаң тартқыш блогі орнатылған болса қолдануға тыйым салынады.**
- Егер аккумуляторлық батарея (АКБ) құрылғыға орнатылмаған болса (қорапта бөлек жатыр), - батареяны дұрыс қалпында «АКБ-ны АУЫСТЫРУ» бөлігінде берілген, ескі АКБ-ны шығару нұсқаларынан басқа нұсқауларын басшылыққа ала отырып, орнатыңыз.
 - Құрылғыны алғаш рет қолданар алдында аккумуляторлық батареясын зарядтау қажет. «АКБ-ны ЗАРЯДТАУ» бөлімін қараңыз.

ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ

1. Шаңсорғыштың қақпағын басып, ашыңыз. Содан кейін құрылғының ішкі бөлігіне осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес, шаң-тозан мен қоқыстан тазартылған таза сүзгілер мен бірге құрастырып жиналған қоқыс жинауға арналған контейнерді орнатыңыз, егер де ол орнатылмаған болса («Құрылғының сипаттамасы» бөлімін қараңыз).
Назар аударыңыз: Құралды шаң жинауға арналған контейнерсіз немесе ылғалды тазалау жүргізуге арналған контейнерді орнатпай, сондай-ақ, егер де бұл контейнерлер осы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тазартылмаған болса пайдалануға тыйым салынады!
2. Шаңсорғышты еденге басқару панелін жоғары қарайтындай етіп орнатыңыз.
3. Құрылғыны, оның корпусында орналасқан I/O қуатты ауыстырып қосатын тетігін «I(ON)» қалпына ауыстыру арқылы іске қосыңыз («ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ» бөлімін қараңыз). Сол кезде құрылғының құбылған дыбысы естіледі және басқару панелінің бетінде индикация жарқырай бастады, құрылғы күту режиміне ауысады.
Егер де, шамалы 55 секунд уақыт аралығында ешбір бағдарлама іске қосылмаған болса немесе баптау жүйесіндегі алдын ала орнатылған тазалау параметрлері өзгертілмеген жағдайда, құрылғы

ұйқы режиміне ауысады, сонымен бірге құрылғының құбылған дыбысы естіледі және басқару панелінің бетінде индикация сөнеді.

4. Құрылғыны іске қосу үшін, оның корпусында орналасқан мына ⓪ сенсорлық батырмасына бір мәрте қысқа мерзімде басу қажет немесе қашықтықтан басқару пультіндегі ON/OFF батырмасын басыңыз. Сол кезде құрылғының құбылған дыбысы естіледі және басқару панелінің бетінде индикация жарқырай бастайды, құрылғы күту режиміне ауысады.
5. Күту режимінен тазалауды бастау үдерісіне көшу үшін құрылғының корпусында орналасқан мына ⓪ сенсорлық батырмасына бір мәрте қысқа мерзімде басу қажет немесе қашықтықтан басқару пультіндегі ON/OFF батырмасын басыңыз, содан кейін шаңсорғыш өздігінен жылжып, бөлмені тазалай бастайды. Робот шаңсорғыш жұмыс істеп тұрғанда, құрылғының корпусында орналасқан мына ⓪ сенсорлық батырмасын немесе қашықтықтан басқару пультіндегі ON/OFF батырмасын қайтадан басып, шаңсорғышты тоқтатып, қайтадан іске қосуға болады.
6. Робот шаңсорғышты белгілі бір уақытта тазалауды бастайтын етіп бағдарламалауға болады. Құрылғының басқару панелінде орналасқан PLAN сенсорлық батырмасының көмегімен тазалау уақытын, яғни тазалау үдерісінің басталуын талаптарыңызға сай орнатуға болады (8 т.қараңыз), сонымен бірге ағымдағы уақыт алдын ала орнатылуы тиіс (7 т.қараңыз).
Егер таймерде белгілі бір жоспарланған уақыт орнатылған болса, робот шаңсорғыш күн сайын белгіленген уақытта автоматты түрде қосылып, өз үй іргетасынан шығып, жұмыс істей бастайды. Ол үшін құрылғының корпусында орналасқан I/O қуатты ауыстырып қосатын тетігі қосылу күйде болуы тиіс және де зарядтауыш базасы жоғарыда сипатталған нұсқауларына сәйкес орнатылып, адаптерге қосылу қажет, ал адаптер – электр желіге жалғасып тұру керек.
7. Құрылғының басқару панелінде орналасқан PLAN сенсорлық батырмасының көмегімен ағымдағы уақытты орнату режиміне кіруге болады. Панелінің сол жағында орналасқан 2 сан жыпылықтай бастайды. Уақыт мәндерін, яғни сағат белгілерін орнату үшін HOME \blacktriangle сенсорлық батырмасын басыңыз, сонымен қатар бұл батырманың көмегімен тазалау уақытын ұлғайтуға болады, ал азайту үшін ZIG-ZAG \blacktriangledown сенсорлық батырмасын қолданыңыз. Минут белгілерін енгізу үшін ⓪ сенсорлық батырмасын басыңыз. Панелінің оң жағында орналасқан 2 сан жыпылықтай бастайды. Минут белгілерін орнату үшін HOME \blacktriangle сенсорлық батырмасын басыңыз және де минут сандарын көбейту немесе азайту үшін HOME \blacktriangle және ZIG-ZAG \blacktriangledown батырмаларын қолданыңыз. Уақыт параметрлерін баптау жүйесінде сақтау үшін мына ⓪ сенсорлық батырманы қайтадан басу қажет, содан кейін уақыт параметрлерін реттеу режимінен шығу үшін PLAN сенсорлық батырмасын басыңыз.
8. Сонымен қатар робот шаңсорғышты белгілі бір уақытта тазалауды бастайтын етіп бағдарламалау үшін PLAN сенсорлық батырмасын қолдана отырып, құрылғының тазалау жұмысының басталуына қажетті уақыт параметрлерін орнату режиміне кіруге болады. Бұл сенсорлық батырмасына басып, оны шамалы 2 секунд аралығында ұстап тұрып, жіберу керек, сол кезде панелінің сол жағында орналасқан 2 сан жыпылықтай бастайды.
Уақыт мәндерін, яғни сағат белгілерін орнатуға арналған HOME \blacktriangle сенсорлық батырмасын басыңыз, сонымен қатар бұл батырманың көмегімен тазалау уақытын ұлғайтуға болады, ал азайту үшін ZIG-ZAG \blacktriangledown сенсорлық батырмасын қолданыңыз. Минут белгілерін енгізу үшін ⓪ сенсорлық батырмасын басыңыз. Панелінің оң жағында орналасқан 2 сан жыпылықтай бастайды. Минут белгілерін орнату үшін HOME \blacktriangle сенсорлық батырмасын басыңыз және де минут сандарын көбейту немесе азайту үшін HOME \blacktriangle және ZIG-ZAG \blacktriangledown батырмаларын қолданыңыз. Уақыт параметрлерін баптау жүйесінде сақтау үшін мына ⓪ сенсорлық батырманы қайтадан басу қажет, содан кейін құрылғының тазалау жұмысының басталуына қажетті уақыт параметрлерін реттеу режимінен шығу үшін PLAN сенсорлық батырмасын басыңыз.
Барлық алдын ала орнатылған уақыт параметрлерін жою үшін 00:00 нөлдік сан белгілерін

орнатыңыз.

9. Құрылғыны сөндіру үшін, оның корпусында орналасқан мына ① сенсорлық батырмасына басып, оны 2 секундтан аса ұстап тұру керек.

Құрылғының қоректендіру элементтерін ауыстыру барысында барлық орнатылған реттеулер жойылады. Батареяларды ауыстырып болған соң уақытты қайта орнатуды ұмытпаңыз.

Тазалау режимдерінің сипаттамалары (тазалау режимдеріне күту режимінен өтуге болады, ҚҰРАЛДЫ ПАЙДАЛАНУ бөлімін, 4 т. қараңыз).


1. **«Автоматты түрде тазалау» режимі.** Басқару панелінің бетінде орналасқан ① сенсорлық батырмасын немесе қашықтықтан басқару пультіндегі ON/OFF батырмасын басыңыз, робот шаңсорғыш әр түрлі әдеттен тыс жағдайларды анықтай алады, осы себепте ол айналадағы жағдайларға сәйкесінше, тек бөлмедегі кез-келген жерді ғана емес, ластанған, шаң-тозаңға толып қалған аудандарды анықтап, тазалау режимін өз бетімен таңдап, бөлмені тазалай бастайды.

Қажет болған жағдайда, автоматты түрде тазалау режимі орындалып жатқан кезде, тазалау режимін қолмен өзгертуге болады, ол үшін қашықтықтан басқару пультіндегі «MODE» батырмасын басу керек. Қашықтықтан басқару пультіндегі «MODE» батырмасын бір мәрте басқан кезде құрылғының таблосында 1111 индикация көрінеді, сонымен құрылғының «Серіппе бойымен (SPOT)», яғни айналып тазалау бағдарламаның орындалуы басталады. Робот белгілі бір ластау аумақты таңдап, қарқынды түрде айналып тазалап болған соң, автоматты түрде тазалау бағдарламаға ауысып, бұл бағдарлама бойынша тазалау жұмысын жалғастырады.

Қашықтықтан басқару пультіндегі «MODE» батырмасын екі мәрте басу арқылы құрылғыны орындалып жатқан бағдарламадан шығарып, автоматты түрде тазалау бағдарламаға қайтадан ауыстыруға болады, «MODE» батырмасын екі мәрте басқан кезде, құрылғының таблосында 2222 индикация көрінеді. «MODE» батырмасын үш мәрте басқан кезде құрылғының таблосында 3333 индикация көрініс табады, сонымен құрылғы «Ирек бойымен (ZIG-ZAG)» тазалау бағдарламаға ауысуға алады, ал «MODE» батырмасын төрт мәрте басқан кезде, құрылғының таблосында 4444 индикация көрінеді де, құрылғыны орындалып жатқан бағдарламадан шығарып, келесі «Қабырға бойында (EDGE)» тазалау бағдарламаға ауыстыруға болады.


Қашықтықтан басқару пультіндегі «MODE» батырмасын бұдан былай, қайталап әрбір рет басқан сайын, тазалау режимдерінің кезеңдері кезек-кезегімен, қайта ауысып тұрады.

Егер де, «Серіппе бойымен», «Ирек бойымен» және «Қабырға бойында» тазалау бағдарламаларын, қашықтықтан басқару пультіндегі немесе басқару панеліндегі басқа бір бөлек батырманы қолдана отырып, қосқан жағдайда, «MODE» батырмасы арқылы осы үштен кез келген біреу таңдалынған бағдарламаның орындалуын өзгертуге мүмкін емес.




2. **«Серіппе бойымен (SPOT)» тазалау режимі.** Бұл режиміне тек күту режимінен немесе автоматты түрде тазалау режимінен, қашықтықтан басқару пультіндегі «SPOT»


батырмасын басу арқылы, ауысуға болады. Робот бағдарламаланған режимі бойынша белгілі бір ластау аумақты қарқынды түрде айналып тазалайды, содан кейін бұрынғы тазалау режиміне ауысады. Бұл режимді үлкен емес ластау аумақты жылдам түрде тазалау үшін қолданыңыз.



3. **«Қабырға бойында (EDGE)» тазалау режимі.** Басқару панеліндегі «EDGE» сенсорлық батырмасын басыңыз. Робот қабырға бойында тазалай бастайды.




4. **«Ирек бойымен (ZIG-ZAG)» тазалау режимі.** Басқару панеліндегі «ZIG-ZAG» сенсорлық батырмасын басыңыз. Робот ирек бойымен жылжып, еденді тазалайды.



5. **«Таймер бойынша» тазалау режимі.** Робот шаңсорғышты белгілі бір уақытта тазалауды бастайтын етіп бағдарламалауға болады. Таймерде ағымдағы уақытты және тазалау уақытын, яғни тазалау үдерісінің басталуына қажетті уақытты талаптарыңызға сай орнатыңыз, робот шаңсорғыш күн сайын белгіленген уақытта автоматты түрде қосылып, өз үй іргетасынан шығып, бөлмені тазалай бастайды.

Таймер бойынша тазалау режимін қолданған кезде, күн сайын тазалау үдерісі аяқталған соң, сүзгілер мен шаң жинауға арналған контейнерді тазартуға ұмытпаңыз.





Ылғал күйде тазалау


Назар аударыңыз: Ең тамаша тазалау тиімділігіне жету үшін әр түрлі отбасылар үшін әр түрлі тазалау қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған жекелендірілген ылғал және құрғақ күйде тазалау режимдері. Құрылғының құрастырымы ластанған, шаң-тозаңға толып қалған аудандарды тек құрғақ күйде ғана емес, оған қоса, кез келген түрлі еден аумағын ылғал күйде де, тазалауға мүмкіндік береді. Бірақ осыған дейін мүлдем тазаланбай келген еденнің лас жерлерін, бірден ылғал күйде орындауға болмайды, алдымен шаң-тозаңнан толық тазарту қажет.

Суға арналған резервуарының түбіне, 1. суретте көрсетілгендей, еден жууға арналған таза шүберекті орнатыңыз. Шүберектің бүйір жақ шетінің жиектері дұрыстап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Суға арналған резервуарын, 2. суретте көрсетілгендей, орнатыңыз. Резенке бітеуішті ашыңыз, резервуарды сумен толтырыңыз, кран суын пайдаланбаңыз, оған тек тазартылған, бөтелкегедегі суды құюға кеңес беріледі және суды (150мл.) аспайтындай етіп құю қажет. Суға ешқандай қосындылар мен жуғыш заттарды қоспаңыз. Резенке бітеуішті өз орнына орнатып, жабыңыз. Судың ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.




Суға арналған резервуарын, 3. суретте көрсетілгендей, құрылғыға орнатыңыз.



Назар аударыңыз! Тазалауды ылғал күйде орындау барысында (құрғақ тазалаудан бөлек, яғни құрғақ тазалау орындалғаннан кейін орындалады) құрылғының оң және сол жағында орналасқан бүйірлік қылшқтарын орнатпауға жол беріледі, бұл жағдайда бұрылмалы қылшағы жоқ шаң тартқыш блогін қолданған жөн («ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ» бөлімін қараңыз).


Виртуалдық қабырға

- Қуатты қосып, ажырататын тетігінің сөніп тұрғанына, яғни (OFF) қалпында орнатылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Виртуалдық қабырғаны, оның түбі жағын жоғары қарайтындай етіп, төнкеріп орнатыңыз, оның төменгі жағындағы бекітпенің тілшесін басып, виртуалдық қабырға құралдың қақпағын ашыңыз.
- R20/D 2 батареяларлы орнату барысында (құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейді) құралдың корпусында көрсетілген таңбалауына сәйкес қарама-қарсылық заңың сақтап, орнатыңыз.
- Қақпақты, оның тілшесін саңылауға келтіріп салғаннан кейін сарт еткізіп, яғни сарт еткен дыбыс естілмейінше басып жабыңыз.




Виртуалдық қабырға – бұл қосалқы құрал. Бұл құрал робот шаңсорғыштың өте алмайтын, (мысалы, робот үшін шектеулерден асатын бөлменің ашық есігінің жанында немесе баспалдақтардың жоғарғы жағында), сондай-ақ қажет емес аумақтарға кіруін болдырмау үшін бұғатталған аумақты құру үшін арнайы бағытталған ИҚ сигналдарды жібереді (сигналдың қашықтығы –3 метр), сөйтіп қолданушы бұл «виртуалдық қабырға» функциясын қолдана отырып, ыңғайлы виртуалды инструмент арқылы, роботқа үй планы бойынша пәтер территориясындағы керекті траектория маршрутын белгілеп қоя алады, сонымен, екі жақты инфрақызыл сигнал таратқышы арқылы аумақ кеңістігін екі бөлікке бөліп, қабырға сияқты әрекет етеді, сонымен қабырғамен жүру датчигі бұл құрылғыны қабырға бойындағы жер бетінің көп бөлігін тазалауын қамтамасыз етеді. Виртуалдық қабырғаны тар дәліз, тар өткел, табалдырық сияқты жерлерде және кез келген басқа да жерлерде орнатуға болады.

- 1) Құралдың ішіне батареяларды орнатқан соң, қуатты қосып, ажырататын тетігін ON (қосу) қалпына орнатыңыз.
- 2) Робот шаңсорғыштың қажет емес аумақтарға кіруін блоктау үшін виртуалдық қабырғаны орнатыңыз.



Ескертпе:

- Виртуалдық қабырға функциясын қолдану барысында, құралды шетжағымен, мына «  » көрсетілген таңбаламасына сәйкес инфрақызыл сәулесінің таралу бағытын

блокталатын аумағының бағытына кесе-көлденең орналастырыңыз.

• Құралды пайдаланбаған кезде қуат көзінен ажыратыңыз.

Назар аударыңыз: Егер құралмен ұзақ уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, батареялар таусылып қалмас үшін оларды шығарыңыз.


АКБ-ны ЗАРЯДТАУ

1. ЗАРЯДТАҒЫШ БАЗАНЫ ПАЙДАЛАНУ


Зарядтағыш базаны пайдалану барысында АКБ-ны зарядтау қажеттігі мен зарядтайтын базаның орналасуын автоматты түрде құрылғы анықтайды. Шаңсорғыштың корпусындағы I/O қуатты ауыстырып қосатын тетік «I» қалпында болуы тиіс.

1. Зарядтағыш базаны тазаланатын бөлмеде қабырғасы бойымен розетканың маңына қойыңыз, содан соң адаптердің ашасын розеткаға жалғастырыңыз. Базадағы сигналдық индикаторы жарқрай бастайды.

Зарядтағыш базаның екі бүйір жағынан 1 метр қашықтықта, сондай-ақ оның алдыңғы бөліктен 2 метр қашықтықта барлық кедергі жасап тұрған заттарды алыңыз.



2. Құрылғының сыртқы корпусында орналасқан НОМЕ батырмасын немесе қашықтықтан басқару пультіндегі НОМЕ батырмасын басыңыз, содан кейін шаңсорғыш құрылғы зарядталу үшін, өздігінен жылжып, базаға қайтады.



Пайдаланудың қалыпты жағдайында әркез АКБ-ны зарядтау үшін базаны қолданыңыз. Аккумуляторды зарядтап болған соң адаптерді желіден ажыратыңыз.

Құрал пайдаланылмаса, зарядтағыш базаны еденнің үстінде қалдырмаңыз.


Назар аударыңыз! Робот шаңсорғышты қуаттандыруға арналған базадағы зарядтағыш істікше түйіспелерін металл заттарды тигізіп, оларды өзарада тұйықтауға қатаң түрде тыйым салынады!

Құралды ұзақ уақытқа сақтау алдында АКБ-ны толық отырғызыңыз.

2. ЗАРЯДТАҒЫШ БАЗАНЫ ПАЙДАЛАНБАЙ АКБ-НЫ ЗАРЯДТАУ

1. АКБ-ны зарядтамас бұрын құрылғының корпусындағы I/O қуатты ауыстырып қосатын тетігі ON қалпында болуы тиіс.
2. Құралдың корпусындағы ұяшыққа адаптердің істекшесін оны зарядтау үшін жалғастырыңыз.
3. Адаптерді электр желіге қосыңыз.

Содан кейін шаңсорғышты іске қоспаған кезде, қарядтау құрылғыны іске қосқан кезде дисплейдің бетінде **ERROR** қате коды жарқрай бастайды, сонымен қатар дауыстық хабарлама естіледі: «Мархабат, роботты іске қосыңыз». Құрылғыны I/O қуатты ауыстырып қосатын тетігін «I/ON (Қосылу)» қалпына орнатып, іске қосыңыз. Сол кезде дауыстық хабарлама естіледі: «Зарядтау үдерісі басталды», дисплейдің бетінде сол жақтан оң жаққа II:II жылжымалы ескерткіш белгілері көрінеді.



АКБ толық зарядталмайынша зарядтайтын құрылғыны сөндіреңіз.

Зарядтау үдерісі аяқталған кезде ON/OFF қуатты ауыстырып қосатын тетігін OFF қалпына орнатып, құрылғыны сөндіріңіз. Адаптерді электр желіден ажыратыңыз, содан кейін адаптердің істекшесін шаңсорғыштың зарядтау ұяшығынан ажыратыңыз.

Ескертпе:

- Дисплейдің бетінде **FULL** толығымен зарядталған индикациясы, көрінеді, бұл зарядтау үдерісінің аяқталғанын білдіреді. Зарядтау үдерісі аяқталған кезде, дауыстық хабарлама естіледі: «Зарядтау үдерісі аяқталды».
- Дисплейдің бетінде мына [] сигнал батареяның заряды таусылған индикациясы көрініс табады, сол кезде белсенді режимінде дыбыстық сигналы естіледі.
- Дисплейдің бетінде мына [] сигнал батареяның заряды таусылған индикациясы көрініс табады, сол кезде тазалау режимін үзіп, құрылғы зарядтау базасына қайтады.
- Құрылғыны алғаш рет пайдаланар алдында, оны 12 сағат бойы зарядтау қажет.
- Егер құрал ұзақ уақыт қолданылмаса, АКБ-ны әрбір 3 ай сайын зарядтауға кеңес беріледі, алдын ала зарядын толық сөндіріңіз, ол үшін құралды максималды мүмкін уақытқа қосып қойыңыз.
- Зарядтағыш құрылғы(база) ұзақ уақыт қолданылмаса, АКБ-ны зарядтау қажет, бірақ оны тек батареяның заряды таусылған сигналы және дауыстық хабарлама «Зарядтау қажет» естілген кезде немесе оның заряды толығымен отырған сәтте ғана зарядтауды бастауға кеңес беріледі.
- Құрылғыны АКБ толық зарядталған болса қолдануға болады, тек («Зарядтау үдерісі аяқталды») дауыстық хабарлама келген кезде.

- Зарядтағыш базаны қолдану барысында құрылғы, оның заряды таусылып, баражатқан кезде немесе тазалау бағдарламасы аяқталған кезде базаға қайта оралады.
- Пайдалануға жарамсыз АКБ-ны шығарыңыз да, кәдеге жаратыңыз.

АКБ-ны АУЫСТЫРУ

1. Құралды ON/OFF қуатты ауыстырып қосатын тетігін басып, сөндіріңіз.
2. Құралды төменгі тақтасымен жоғары қаратыңыз.
3. Крест тәрізді оймакілтекті (Құрылғының жеткізілім жиынтықтылығына кірмейді) бұрауыштың көмегімен батарея бөлімінің қақпағының бұрама шегелерін бұрап шығарыңыз, бұл үшін бұрама шегелердің орналасқан жағынан оны қыстыру қажет.
4. Бөлімнен ескі АКБ-ны шығарыңыз, оны саңылаудан босатыңыз, ол үшін шаңсорғыштың қоректендіру саңылауы құлпының шүріппесіне басыңыз да, содан АКБ саңылауын шығарыңыз. Жаңа АКБ-ны қосу үшін АКБ саңылауын шаңсорғыштың қоректендіру саңылауына сыртыл дыбысы естілмейінше кіргізіңіз. АКБ-ны ұқыптылықпен бөлімде орналастырыңыз, байланыстыру сымдарына қатты баспаңыз.
5. Батарея бөлімінің қақпағын орнына орнатыңыз, ол үшін пластик дөнес жерлерді саңылауларға кіргізу қажет. Бұрама шегелерді бұрап кіргізіңіз.

ДАУЫСТЫҚ ХАБАРЛАМАЛАРЫ

«**Мәрхабат, роботты іске қосыңыз**» - бұл дауыстық хабарламасы, тек қана зарядтағыш құрылғы қосылып тұрған кезде және де, құрылғының копусында орналасқан ON/OFF қуатты ауыстырып қосатын тетігі OFF сөндіру қалпында орнатылған болса, естіледі.

«**Мәрхабат, қоқыс жинауға арналған контейнерді тазартыңыз**» - бұл дауыстық хабарламасы, бұрылмалы қылшағы жоқ шаң тартқыш блогі орнатылған болса және де, оның кіріс мойыны, яғни шаң соратын саңылауға бөгде заттар тұрып қалған болса, естіледі.

«**Мәрхабат, қоқыс жинауға арналған контейнерді орнатыңыз**» - бұл дауыстық хабарламасы, шаң жинауға арналған контейнер орнатылмаған кезде естіледі.

«**Қозғалыс басталды**» - бұл дауыстық хабарламасы, тазалау үдересі басталған кезде естіледі.

«**Бүйірлік қылшақтары кенеттен тоқтап қалады, бір мәселе туындады**» - бұл дауыстық хабарламасы, бүйірлік қылшақтарының айналуы бұғатталған болса, естіледі.

«**Дөнгелектер дұрыс айналмайды, бір мәселе туындады**» - бұл дауыстық хабарламасы, дөнгелектер бұғатталған болса, естіледі.

«**Мәрхабат, роботты еденге орнатып қойыңыз**» - бұл дауыстық хабарламасы, дөнгелектердің асты жағында тіректері жоқ болса, естіледі.

«**Зарядтау қажет**» - бұл дауыстық хабарламасы, батареялардың заряды таусылған кезде, естіледі.


«**Зарядтау үдересі басталды**» - бұл дауыстық хабарламасы, зарядтау үдересі басталған кезде естіледі.

«**Зарядтау үдересі аяқталды**» - бұл дауыстық хабарламасы, зарядтау үдересі аяқталған кезде естіледі.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ СЫРТҚЫ КОРПУСЫН ТАЗARTУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ

Шаң жинайтын контейнерді тазарту

- Құралды ON/OFF қуатты ауыстырып қосатын тетігіне басу арқылы сөндіріңіз, содан кейін оны желіден ажыратыңыз.
 - Құрылғының қақпағында орналасқан PUSH батырмасын басыңыз.
 - Контейнерді, оның тұтқасынан ұстап, жоғары қарай тартып, шығарыңыз.
 - Құрылғының арналарында бөтен қандайда бөгде заттардың болмауын тексеріңіз. Бөгде заттар байқалса, оларды алып тастаңыз.
 - HEPA – сүзгішті шешіп алыңыз.
 - Контейнердің қақпақшасын ашыңыз, бірінші сүзгішті шығарып алыңыз.
 - Контейнерді қоқыс жинайтын шелектің үстінен ұстаңыз да, абайлықпен оны сәл қағып-сілкіп шаң мен қоқыстан тазартыңыз.
 - Қоқыс жинауға арналған контейнерді және бірінші сүзгішті ағын судың астында жақсылап жуып, шайып тазалаңыз.
 - HEPA – сүзгішті шағын қылшақ арқылы тазартыңыз (қоқыс жинауға арналған контейнерде орнатылған). HEPA – сүзгішті, мүмкіндігінше әрбір 15-30 күн пайдаланған кейін тазартып тұрыңыз, бұл пайдалану қарқындылығына байланысты. HEPA – сүзгішті 24 ай аспайтындай етіп, пайдаланыңыз, кейін оны жаңа сүзгіге алмастырыңыз.
 - Сүзгіштер мен контейнерді, орнатпас бұрын бөлме температурада кептіріңіз. Құрылғының ішіне дымқыл сүзгіштерді орнатпаңыз.
- ! Сүзгіштерді тікелей күн көзінің астында кептірмеңіз .**
- Сүзгіш элементтерді орнатыңыз.
 - Контейнерді жабыңыз.




Құрылғының корпусында орналасқан элементтеріні күтім жасау

1. Құрылғыны тазартпас бұрын, құрылғы оның зарядтағыш құрылғыдан, ал зарядтайтын құрылғы электр желіден ажыралып тұрғандығына көз жеткізіңіз.
2. Құрылғыны және зарядтайтын құрылғыны суға немесе өзге сұйықтықтарға батырмаңыз.
3. Құрылғыны тазарту үшін бензин, спирт және химиялық ерітінділерді пайдаланбаңыз.
4. Құрылғының металл бөліктерін таза, құрғақ мата сулықпен сүртіңіз.
5. Құрылғының пластик бөліктерін ылғалды, сығылған мата сулықпен сүртіңіз. Су тамшылары болмауы тиіс.
6. Құралды құрғақ, салқын жерде сақтаңыз.

Инфрақызыл датчиктерді тазарту

Тетіктерді жұмсақ матаны пайдалану арқылы механикалық әсер етусіз ұқыптылықпен сүртіңіз.



Бүйірлі қылшақтарды тазарту


1. Қылшақтың бүлінбеуін және/немесе қандайда бөгде заттардың болмауын тексеріңіз.
2. Жылы суға батырылған және жақсылап сығылған матамен қылшақтарды сүртіңіз.
3. Бүйірлі қылшақтар бүлінсе оларды дер кезінде ауыстырыңыз.
4. Бүйірлі қылшақтарды 12 ай аспайтындай етіп, пайдаланыңыз, кейін оларды жаңа бүйірлі қылшақтарға алмастырыңыз.

Негізгі электрлі айналмалы қылшақты тазарту

Электрлі қылшақ қыл білікшенің көмегімен еден мен кілемнен тұрмыстық қоқысты жинауға арналған. Оның құрылымы ұзын шаш, жүн, жіп секілді заттарды жинауға келісе бермейді. Егер бітелу анықталса, құралды пайдалануды тоқтатыңыз, қыл білікшені тазалау бойынша үдерістерді орындаңыз.

Білікше шаңсорғыштың моторымен бір мезетте қосылатын электр тартпасына ие.

Білікшені тазалау үшін:



1. Құралды ON/OFF қуатты ауыстырып қосатын тетігі арқылы сөндіріңіз, («OFF» қалпына ауыстырыңыз).
2. Шаңсорғыштың түп жағын жоғары қаратыңыз және артқы бөлігімен «өзіңізге қарата» орналастырыңыз.
3. Қыл білікшеге шаш пен жіптің аз мөлшері оралса, білікшені корпустаң шешпей оларды

пышақпен кесуге болады. Ол үшін өткір пышақты білекшеге кесетін бөлігімен сырт қарата қылдардың арасында орналастырыңыз, білікше бойымен оралған шаш пен жіпті кесіңіз. Кескеннен соң шаш қылшақ корпусынан сыртқа қарай оңай шығады, сондай-ақ қыл білікшені өз осі бойымен қолмен айналдыруға болады.

4. Қыл білікше қатты бітелсе, электрлі қылшақ білікшесінің бекіту жиегін шығарыңыз, ол үшін бекіткіш ілмегінің тіліне «өзіңізге қарай» сәл ғана басыңыз, жиектің оң жақтағы бөлігін көтеріңіз де, жиекті шығарыңыз.
5. Оңға қарай тарта қыл білікшенің оң жақ бөлігін шығарыңыз, тартпамен ілінестен шығарыңыз да, ұяшықтан алыңыз. Қыл білікше корпустан шығарылған соң оны өткір пышақ немесе қайшы көмегімен оралған жіп пен шаштан босатуға болады
6. Қыл білікшені қылшақ корпусына кері әрекеттерді орындай орнатыңыз.
7. Қылшақ бөлшектері мен электр тартпасы қатты бітелсе, құралды бөлшектеу мен тазарту үшін авторланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Осы нұсқаулық бойынша қарастырылмаған бөлшектеу, тазалау жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ - шаңсорғыштың істен шыққан тораптарын ауыстыру, бұл нұсқаулықтың талаптарын бұзу салдарынан туындаған ақау болып саналады және Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.

АҚАУЛАРДЫ ІЗДЕСТІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Бұл кестеде құралды пайдалану барысында орын алуы мүмкін қате кодтары мен олардың сипаттамасы келтірілген, сондай-ақ ең көп туындайтын мәселелерді шешу үшін, оларды жою тәсілдерін қолданыңыз. Егер туындаған мәселені өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, тұтынушыларды қолдау орталығына немесе авторланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Сенсордағы ақаулар

Қате	Себебі	Шешім
AUBF	Ауа қабылдағыш бұғатталған (бұрылмалы қылшағы жоқ шаң тартқыш блогін қолданған кезде).	Ауа қабылдағыштың саңылауын тазартыңыз.
AUBN	Қоқыс жинауға арналған контейнер мүлдем орнатылмаған немесе дұрыс орнатылмаған.	Қоқыс жинауға арналған контейнерді қисайтпай, дұрыс орнатыңыз.
E1xx	Роботтың соғылуын болдырмайтын сол жақтағы датчик ақаулы.	Алдыңғы бампердің сезімділігін тексеріңіз.
E2xx	Роботтың соғылуын болдырмайтын оң жақтағы датчик ақаулы.	
E3xx	Роботтың соғылуын болдырмайтын оң және сол жақтағы датчиктері ақаулы.	
E4xx	Сол жақтағы дөнгелек шықпай тұр.	Құрылғыны тегіс еденге орнатыңыз.
E5xx	Сол жақтағы дөнгелек шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын сол жақтағы датчиктері ақаулы.	Құрылғыны тегіс еденге орнатыңыз, алдыңғы бамперді тексеріңіз.

E6xx	Сол жақтағы дөнгелек шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын оң жақтағы датчик ақаулы.	
E7xx	Сол жақтағы дөнгелек шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын оң және сол жақтағы датчиктері ақаулы.	
E8xx	Оң жақтағы дөнгелек шықпай тұр.	Құрылғыны тегіс еденге орнатыңыз.
E9xx	Оң жақтағы дөнгелек шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын сол жақтағы датчиктері ақаулы.	
Eaxx	Оң жақтағы дөнгелек шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын оң жақтағы датчик ақаулы.	Құрылғыны тегіс еденге орнатыңыз, алдыңғы бампердің сезімділігін тексеріңіз.
Ebxx	Оң жақтағы дөнгелек шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын оң және сол жақтағы датчиктері ақаулы	
Ecxx	Оң жақтағы және сол жақтағы дөнгелектер шықпай тұр.	Құрылғыны тегіс еденге орнатыңыз.
Edxx	Оң жақтағы және сол жақтағы дөнгелектер шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын сол жақтағы датчиктері ақаулы.	
Eexx	Оң жақтағы және сол жақтағы дөнгелектер шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын оң жақтағы датчиктері ақаулы.	Құрылғыны тегіс еденге орнатыңыз, алдыңғы бампердің сезімділігін тексеріңіз.
Efxx	Оң жақтағы және сол жақтағы дөнгелектер шықпай тұр, роботтың соғылуын болдырмайтын оң және сол жақтағы датчиктері ақаулы.	
Exx1	Роботтың құлауын болдырмайтын сол жақтағы датчигі жар жерді анықтады.	Құрылғының түбі жағында орналасқан сенсорларды тазартыңыз.
Exx2	Роботтың құлауын болдырмайтын алдыңғы датчигі жар жерді анықтады.	
Exx3	Роботтың құлауын болдырмайтын алдыңғы және сол жақтағы датчиктері жар жерді анықтады.	Құрылғының алдында және түбі жағында орналасқан сенсорларды тазартыңыз.
Exx4	Роботтың құлауын болдырмайтын оң жақтағы датчигі жар жерді анықтады.	Құрылғының түбі жағында орналасқан сенсорларды тазартыңыз.
Exx5	Роботтың құлауын болдырмайтын оң және сол жақтағы датчиктері жар жерді анықтады.	
Exx6	Роботтың құлауын болдырмайтын алдыңғы және сол жақтағы датчиктері жар жерді анықтады.	Құрылғының алдында және түбі жағында орналасқан сенсорларды тазартыңыз.
Exx7	Роботтың құлауын болдырмайтын алдыңғы, сол жақтағы және оң жақтағы датчиктері жар жерді анықтады.	

Ехх8	Роботтың тұрып қалуын болдырмайтын алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	Құрылғының алдында орналасқан сенсорларды тазартыңыз.
Ехх9	Роботтың құлауын болдырмайтын сол жақтағы датчигі жар жерді анықтады. Роботтың тұрып қалуын болдырмайтын алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	Құрылғының алдында және түбі жағында орналасқан сенсорларды тазартыңыз..
ЕххА	Роботтың құлауын болдырмайтын алдыңғы датчигі жар жерді анықтады, алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
ЕххВ	Роботтың құлауын болдырмайтын сол жақтағы және алдыңғы датчиктері жар жерді анықтады, алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
ЕххС	Роботтың құлауын болдырмайтын оң жақтағы датчигі жар жерді анықтады, алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
ЕххD	Роботтың құлауын болдырмайтын сол және оң жақтағы датчиктері жар жерді анықтады, алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
ЕххЕ	Роботтың құлауын болдырмайтын оң жақтағы және алдыңғы датчиктері жар жерді анықтады, алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
ЕххF	Роботтың құлауын болдырмайтын алдыңғы, оң жақтағы және сол жақтағы датчиктері жар жерді анықтады, алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
Ех1х	Алдыңғы бампердің сол жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	Құрылғының алдында орналасқан сенсорларды тазартыңыз.
Ех2х	Алдыңғы бампердің ортадағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
Ех3х	Алдыңғы бампердің сол жақтағы және ортадағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
Ех4х	Алдыңғы бампердің оң жақтағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
Ех5х	Алдыңғы бампердің оң жақтағы және сол жақтағы инфрақызыл датчиктері кедергі анықтады.	
Ех6х	Алдыңғы бампердің оң жақтағы және ортадағы инфрақызыл датчигі кедергі анықтады.	
Ех7х	Алдыңғы бампердің ортадағы, оң жақтағы және сол жақтағы инфрақызыл датчиктері кедергі анықтады.	
Ех8х	Қабырға бар жерді анықтайтын алдыңғы бампердің датчиктері іске қосылды.	
Ех9х	Қабырға бар жерді анықтайтын алдыңғы бампердің датчиктері іске қосылды және сол жақтағы инфрақызыл датчик кедергі анықтады.	
ЕхАх	Қабырға бар жерді анықтайтын алдыңғы бампердің датчиктері іске қосылды және ортадағы инфрақызыл датчик кедергі анықтады.	

ЕхВх	Қабырға бар жерді анықтайтын алдыңғы бампердің датчиктері іске қосылды және ортадағы, сол жақтағы инфрақызыл датчик кедергі анықтады.
ЕхСх	Қабырға бар жерді анықтайтын алдыңғы бампердің датчиктері іске қосылды және оң жақтағы инфрақызыл датчик кедергі анықтады.
ЕхDх	Қабырға бар жерді анықтайтын алдыңғы бампердің датчиктері іске қосылды және оң жақтағы, сол жақтағы инфрақызыл датчиктері кедергі анықтады.
ЕхЕх	Қабырға бар жерді анықтайтын алдыңғы бампердің датчиктері іске қосылды және оң жақтағы, ортадағы инфрақызыл датчиктері кедергі анықтады.
ЕхFх	Қабырға бар жерді анықтайтын алдыңғы бампердің датчиктері іске қосылды және сол жақтағы, оң жақтағы, және ортадағы инфрақызыл датчиктері кедергі анықтады.

Моторда ақаулары бар

Қате	Себебі	Шешім
L01x	Желдеткіш асқын жүктелген	Қоқыс жинауға арналған контейнерді және сүзгіштерді жуып, тазартыңыз.
L0x1	Сол жақтағы доңғалақ асқын жүктелген.	Көрсетілген торабтарды тазартыңыз.
L0x2	Оң жақтағы доңғалақ асқын жүктелген.	
L0x3	Оң және сол жақтағы доңғалақтар асқын жүктелген.	
L0x4	Сол жақтағы бүйірлік қылшақ асқын жүктелген.	
L0x5	Сол жақтағы доңғалақ және сол жақтағы бүйірлік қылшақ асқын жүктелген	
L0x6	Оң жақтағы доңғалақ және сол жақтағы бүйірлік қылшақ асқын жүктелген	
L0x7	Оң және сол жақтағы доңғалақтар және де, сол жақтағы бүйірлік қылшақ асқын жүктелген	
L0x8	Оң жақтағы бүйірлік қылшақ асқын жүктелген	
L0x9	Сол жақтағы доңғалақ және оң жақтағы бүйірлік қылшақ асқын жүктелген	
L0xA	Оң жақтағы доңғалақ және оң жақтағы бүйірлік қылшақ асқын жүктелген	
L0xB	Оң және сол жақтағы доңғалақтар және де, оң жақтағы бүйірлік қылшақ асқын жүктелген	
L0xC	Сол және оң жақтағы бүйірлік қылшақтар асқын жүктелген	
L0xD	Сол және оң жақтағы бүйірлік қылшақтар және де, сол жақтағы доңғалақ және асқын жүктелген	
L0xE	Сол және оң жақтағы бүйірлік қылшақтар және де, оң жақтағы доңғалақ және асқын жүктелген	
L0xF	Сол және оң жақтағы бүйірлік қылшақтар және де, сол жақтағы және оң жақтағы доңғалақ тар асқын жүктелген	
L02X	Электрлік қылшақ асқын жүктелген	

Егер дисплейдің бетінде L000 көрсетілген болса – қате жоқ.

X – әріп немесе сан белгілері

Қате E001 немесе E004 кестедегі мына қателерге сәйкес келеді EXX1 немесе EXX4.

Қате EC07 кестедегі мына қателерге сәйкес келеді ECXX немесе EXX7.

Қате EE91 кестедегі мына қателерге сәйкес келеді EXX1 немесе EX9X .

Егер де жоғарыда көрсетілген кесте бойынша көрсетілмеген, басқа қате коды пайда болса, құрылғыны сөндіріп, қайта іске қосыңыз, сонымен қатар АҚБ-ны ажыратып, қайда орнатыңыз.

Егер туындаған мәселені өз бетіңізбен шеше алмасаңыз, ең жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

САҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРТ

Электрлі құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын, салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

Құралды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРТ

Электрлі құралдарды нақты бір көлік түрінде әрекет ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды. Құралды тасымалдау барысында түпнұсқалық зауыттық ораманы пайдаланыңыз.

Құралдарды тасымалдау барысында оларды тікелей атмосфералық жауынның түсуінен, агрессивті ортадан сақтау қажет.



■ Назар аударыңыз! Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құрылғыны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, оны одан әрі кәдеге жарату мақсатында, қалдықтарды қабылдаумен, қайта өндеумен және кәдеге жаратумен айналысатын ресми пунктке өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Тауарды өткізу

Тауарды өткізу ережелері белгіленген емес.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Бұйымды кәдеге жарату барысында пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативті құжаттар, соның ішінде «Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру мен залалсыздандыру бойынша гигиеналық талаптар» Санитарлық ережелер мен нормаларға 2.1.7.1322-03 сәйкес кәдеге жарату үшін міндетті түрде жиналуы тиіс.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PVCR0920WV– POLARIS сауда маркалы тұрмыстық электрлі робот-шаңсорғыш

Құрылғының диаметрі: 340 мм.

Құрылғының биіктігі: 88 мм.

Шаң жинайтын контейнердің көлемі: 500 мл.

Суға арналған резервуардың көлемі: – 150 мл.

Құрылғының қуаттылығы: 25 Вт.

Қоректендіру көзі: аккумуляторлық батарея Li-ion 2150 мАч 14,6 В.

АКБ-ны зарядтау уақытысы: 5 сағатқа дейін.

АКБ-мен жұмыс уақытысы: 100 минутқа дейін (ылғал күйінде тазалау режимінде)

Зарядтайтын құрылғысы: PAD 0920WV

Зарядтайтын құрылғының сипаттамалары:

Кіріс кернеуі: 100-240 В.

Жиілігі: 50/60 Гц.

Шығыс кернеуі: 24 В.

Максималды шығыс ток жүктемесі: 600 мА.

Қорғаныс жіктелімі– 2.

СҚП пайдалану үшін қолданылатын қоректендіру элементтері–AAA түрлі батареялар, 2 дана. (құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кірмейді).

«Виртуалдық қабырға» аксессуары үшін қолданылатын қоректендіру элементтері R20/D түрлі батареялар, 2 дана. (құрылғының жеткізілім жиынтықтығына кірмейді).

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Құрал РФ нормативті құжаттарына сәйкестікке сертификатталған.

Құралдың құрылымы «Төмен вольтты құрылғылардың қауіпсіздігі жөніндегі» ТР ТС 004/2011, сондай-ақ «Техникалық құралдардың электрлі-магнитті сәйкестігі жөніндегі» ТР ТС 020/2011 талаптарына жауап береді.



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 3 жыл.

Кепілдік мерзімі: сатып алғаннан бастап 1 жыл.

Өндіру мерзімі: құралдың техникалық заттаңбасында көрсетілген.

Өндіруші:

LimitedLiabilityCompany TEXTONCORPORATION - "ТЕКСТОН КОРПОРЕЙШН" Жауапкершілігі шектеулі қоғам.

160 Greentree Drive, Suite 101, City Dover, Country of Kent, State of Delaware 19904, United States of America

160 Гринтри Драйв, 101 бөлмежайы, Дувр қаласы, Кент округі, Делавэр Штаты, 19904, Америка Құрама Штаттары.

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ

Бұйым: Тұрмыстық электрлі робот-шаңсорғыш

Моделі **PVCR0920WV**

Бұл кепілдік әрекеттегі заңдылықпен бекітілген тұтынушының құқығына қосымша ретінде өндірушімен берілген, және тұтынушының құқығын еш шектемейді.

Бұл кепілдік бұйымды сатып алған күннен 12 ай бойына әрекетте болады, және материалдар мен жұмыс істеуіне байланысты ақаулар табылған жағдайда кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді. Бұл жағдайда тұтынушы басқасын қоса алғанда, бұйымды тегін жөндеуге құқықты. Бұл кепілдік келесі шарттарды сақтағанда, жарамды:

1. Кепілдік міндеттеме «TEXTON CORPORATION LLC» компаниясы шығаратын барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан).
2. Бұйым тек қана тұрмыстық қажеттіліктерге пайдалану үшін сатып алынуы тиіс. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Өндірушінің міндеттемесін осы кепілдік бойынша сатушылар – өндірушінің уәкілетті дилерлері және ресми қызмет көрсететін (қызмет көрсету) орталықтар орындайды. Бұл кепілдік өндіруші құзырлық бермеген сатушылардан сатып алынған бұйымдарға таралмайды, олар тұтынушы алдында заңға сәйкес, өздігінен жауап береді.
4. Бұл кепілдік келесі жәйттердің нәтижесінде пайда болған ақауларды жөндеуге таралмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді бөгде заттардың бұйымның ішіне түсіп кетуі, сұйықтық төгілген жағдайда;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес, дұрыс пайдаланбағанда, жинаққа кірмейтін, қосымша аксессуарларды пайдаланғанда, сондай-ақ, бұйымды техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Құралды қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ құралдың функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: ішкі және сыртқы қабаттың механикалық бүлінуі (ішіне майысу, сызат, сыртқы түрінің өзгеруі-қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құралдың метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металл бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлері зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері, шам, батареялар, қорғаныс экрандары, қоқыс жинақтауыштар, белдіктер, қылшақтар тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
 - Авторландырылған (өкілетті) қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуі.
5. Бұл кепілдік тек талонның түпнұсқасымен, сатушы берген тауарлы чектің түпнұсқасымен және ақау табылған бұйыммен бірге көрсеткенде ғана жарамды болмақ.
6. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды. POLARIS бұйымдарына кепілдік қызмет көрсету мәселелері бойынша Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға хабарласыңыз. Құралдың ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

Құралдың ақаулы екендігі анықталса, тез арада қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет.

* Авторланған (өкілетті) сервистік орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында: www.polar.ru

Құралды жеткізуші тасымалдау барысында, дұрыс емес пайдалану салдарынан, сондай-ақ құралдың түрін өзгерту, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізу әрекетіне байланысты туындаған ақау үшін жауапты емес.